

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген № 017 /е нысанды медициналық құжаттама
Санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органының атауы Наименование государственного органа санитарно- эпидемиологической службы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Маңғыстау облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Мұнайлы аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы Мунайлинское районное Управление охраны общественного здоровья Департамента охраны общественного здоровья Мангистауской области Комитета охраны общественного здоровья Министерства здравоохранения Республики Казахстан	Медицинская документация Форма № 017/у Утверждена приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 30 мая 2015 года № 415

**Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды  
Санитарно-эпидемиологическое заключение**

№ R.07.X.KZ16VBS00116634

Дата: 03.08.2018 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

**Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылдық округі, Самал тұрғын массиві, Шеркала көшесі, №21/4 учаскеде орналасқан жеке меншік «Айсұлтан» жекеменшік балабақшасы**

(пайдалануға берілетін немесе қайта жаңартылған нысандардың, жобалық құжаттардың, тіршілік ортасы факторларының, шаруашылық және басқа жұмыстардың, өнімнің, қызметтердің, көліктердің және т.б. атауы) (полное наименование объекта, отвод земельного участка под строительство, проектной документации, реконструкции или вводимого в эксплуатацию, факторов среды обитания, хозяйственной и иной деятельности, работ, продукции, услуг, транспорт и т.д.)

Жүргізілді (Проведена) **Заявление от 25.07.2018 12:25:37 № KZ93RBP00129756**

өтініші, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)  
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініші) беруші (Заказчик)(заявитель) **ИП ЖАН-ШУАҒЫ, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 26 шағын аудан, №41 үй, 50пәтер тұрғыны Аманғалиева Айжамал Жанбырбекова, ИИН:751124400178**

(Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы, мекен-жайы, телефоны, жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты, қолы)  
(полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау жүргізілетін нысанның қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

**білім беру және тәрбиелеу**

сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекен-жайы (вид деятельность)

4. Жобалар, материалдар дайындалды (Проекты, материалы разработаны (подготовлены)

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) **арыз, жеке куәлігі, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі**

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции)

7. Басқа ұйымдардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организации если имеются)  
Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8. Сараптама жүргізілетін нысанның толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции)



«Айсұлтан» жеке меншік балабақшасы Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылдық округі, Самал тұрғын массиві, Шерқала көшесі, №21/4 учаскедегі 2-қабатты жеке тұрған ғимаратта орналасқан.

Балабақшаның жалпы сыйымдылығы 42 орынға арналған, 3- топ болуы қарастырылған.

Балабақша алдыңғы жағы 1,8-2 метр биіктікте таспен қаланып қоршалған. Аумаққа кіру және одан шығу жолдары қатты жабынмен жабылған.

Объектілердің аумағы және қоршау сыртындағы оған іргелес аумақ таза ұсталған.

Балабақша ғимаратының алдында 3 топқа арналған әр топқа бөлек топтық алаң қарастырылған, әрбір топтық алаңда күн мен жауын-шашыннан қорғану үшін бөлек 3- көлеңке қалқалар, 3-топқа арналған құмсалғыштар орналастырылған. Көлеңке түсіретін қалқалардың едені ағаш тақтайдан дайындалған, қалқалар екі жағынан қоршалған. Ойын алаңдарының жабыны денсаулық үшін қауіпсіз (жарақаттануды болдырмайтын) материалдардан дайындалған. Ойын және спорт алаңдарындағы жабдықтар балалардың бойы мен жасына сәйкес келеді, үшкір шығыңқы жерлері мен ақауы жоқ. Жабдықтардың бетінің жабыны суға төзімді материалдан дайындалған. Ойын алаңдарының төсемі құм себілген. Жаяу жүргінші жолдар қатты төсеммен төселген.

Балабақша ғимараты орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су, ыстық сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау жүйелері жарамды жағдайда. Объектілерде ауыз су режимі ұйымдастырылған. Ауыз сумен жабдықтау жүйесі - жергілікті, балабақша ғимаратының ауласында бөлек жерде қоршалып кубтық су сақтайтын құдық қарастырылған Сол құдықтан ғимаратқа насос құрылғысы арқылы ауыз судың үздіксіз келуі қамтылған.

Ыстық сумен жабдықтау үшін су жылытқыш ас үйінде орнатылған. Ыстық және суық су барлық ванналарға, себезгі бөлмелеріне, тұратын орындарындағы, медициналық мақсаттағы үй-жайлардағы қолжуғыштарға, сондай-ақ ас блогындағы араластырғыш қондырғысы бар қажетті технологиялық жабдықтарға тартылған.

Кәріз жүйесі ғимараттың сыртында септик арқылы жүзеге асырылады. Кәріз жүйесі толуына қарай тазалау ұйымдастырылған. Жылумен жабдықтау автономды қазандық бөлек үй-жайда орналастырылған. Балабақша ғимаратына және ауыз су сыйымдылықтарына дезинфекция, дератизация және дезинсекция жұмыстары жүргізіліп тұруы ұйымдастырылған.

Барлық үй-жайларда табиғи және жасанды жарықтандыру көздерімен жабдықталған. Бір үй-жайда бір типті шамдарды қолданылуда. Барлық жерде жарық жүйесі люминесценттік шамдар арқылы жарықтандырылған, ал қабылдау бөлмелерінде люстра арқылы жарықтандырылған. Топтардағы жарық ойықтары реттелетін күннен қорғайтын перделермен жабдықталған. Терезелерде, желдету үшін ашылатын желкөздерде, фрамугаларда москит торлар орнатылған.

Балабақша 2- қабатты ғимаратта орналасқан. Балабақша ғимаратына жаспарлас ас блогы орналасқан. Ғимараттың 1-ші қабатында ойын жатыны біріктірілген 1-топ, тарату орны бар буфет, санитарлық торап, қабылдау бөлмелері яғни балалардың киім шешетін бөлмелері, медициналық кабинет және оқшаулау бөлмесі, әдіскер кабинеті, артық аттарды сақтауға арналған үй-жай қарастырылған.

Ғимараттың 2-ші қабатында ойын жатыны біріктірілген 2-топ, 2-тарату орны бар буфет, 2-санитарлық торап, қабылдау бөлмелері яғни балалардың киім шешетін бөлмелері қарастырылған.

Топтардың қабылдау, ойын жатын бөлмелері, артық аттарды сақтауға арналған үй-жай және әдіскер бөлмесінің қабырғалары мен төбесі сулыэмульсияланған, едені - линолеумденген. Санитарлық тораптардың едені толықтай, ал қабырғасы 1,5 метр биіктікте кафельденген.

Топтардағы киім шешетін бөлмелер сыртқы киімге арналған шкафтармен және орындықтармен жабдықталған. Балалардың киіміне арналған шкафтар жеке таңбалаған және бас киімге арналған сөрелермен және сыртқы киімге арналған ілмектермен жабдықталған.

Топтарда балаларға арналған тамақтану үстелдерімен және орындықтарымен, ойыншықтарға арналған сөрелермен және ойыншықтармен, кеңсе шкафымен балаларға арналған 2-қабатты жылжытылатын кереуеттерімен қамтылған. Еденге кілем төселген.

Балалардың күйікке шалдығуын және жарақат алуын болдырмау үшін топтардағы орналасқан жылыту құралдары алмалы-салмалы ағаш торлармен қоршалған.

Топтардағы кереуеттер балалардың бойы мен жасына сай келеді. Бір жатын орынға арналған төсек жабдықтары үш жиынмен қамтылған, оған қоса төсек жабдықтары (жайма, жастықтың тысы, көрпенің тысы) таңбаланған.

Топтардағы ойыншықтар саны жеткілікті көлемде. Ойыншықтарды жууға арналған сыйымдылық, шүберек пен жөке бөлінген және арнайы таңбаланған.

Төсек-орын жабдықтары, орамалдар жеке бөлінген. Жиһаз, жұмсақ, қатты мүкәммал, жабдық жұмыс жағдайында.

Топтардағы тарату орны бар буфеттерде топтардың ыдыстарын жуу үшін 2-секциялы ұяшықпен, ыдыстарды кептіруге арналған кептіргіші бар шкафпен, топтың ыдыстарын сақтауға арналған шкафпен қамтылған. Буфетте ыстық және салқын су келтірілген.

Барлық дәретханаларда балаларға арналған унитаздармен, қол жууға арналған құралдары бар жуынатын раковиналармен, шомылуға арналған ваннамен, түбектермен, жеке ұяшықтары бар балалардың орамалдарына арналған қабырғаға ілінетін ілгіштермен, қызметкерлерге арналған шаруашылық



шкафтармен, таза түбектерді сақтауға арналған таңбаланған ұяшықтармен қамтылған. Медициналық бөлменің қабырғалары 1,5 метр биіктікте майлы сырмен сырланған, едені линолеумденген. Жабдықталуы: медициналық кереует, медициналық шкаф, тоңазытқыш, ширма, жұмыс үстелі, қол жуу орны, кварц шамы. Қажетті құрал-жабдықтарымен қамтылған. Санитарлық нормативтік құжаттары мен журналдары толық. Медбике арнайы киім жиынтығымен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілген, медициналық байқаудан толық өткен.

Төсек-орын, киім мен аяқ киім, қатты мүкәммал қорын сақтау үшін қойма үй-жайлары бөлек көзделген. Төсек-орынды жуу орталықтандырылған кір жуатын орындарда жуу ұйымдастырылған. Балалар үшін сатып алынған өнімдер (ойыншықтар, аяқкиім, киім, ыдыс, төсек-орын жабдықтары, жиһаз) балалар санына жеткілікті.

Жинау мүкәммалы (легендер, шелектер, жөкелер, шүберектер) таңбаланған және жеке үй-жайларға (санитариялық тораптар, медициналық пункт, ас блогының өндірістік үй-жайлары, топтық үй-жайлар) бекітілген. Оларды сақтауға топтардың жинау мүкәммалдары дәретханаларда арнайы шкафта, ас блогының, дәліздің және басқа үй жайлардың жинау құралдары арнайы бөлінген шкафтарда сақталған. Санитариялық тораптарға арналған жинау мүкәммалының сигналды таңбасы бар.

Жинау жүргізу үшін нормалау құжаттарына сәйкес қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдары қолданылуда. Дезинфекциялау ерітінділерін өндірушінің нұсқаулығына сәйкес ертіндіні дайындау күні көрсетілген, таңбаланған сыйымдылықтарда қарастырылған. Дезинфекциялау және жуу құралдары, жұмысшы ерітінділері балалардың қолы жетпейтін орындарда сақталады.

Ас блогы келесі бөлмелерден тұрады: тағам өнімдерін сақтауға арналған қойма, дайындау алаңы бар ыстық цех, тарату орны, қызметкерлердің арнайы жұмыс киімдерін сақтауға арналған орын, ас үйінің қызметкерлерге арналған санитарлық торап.

Топтарға тағамдарды тарату бөлек есік арқылы жүзеге асады.

Ас блогының барлық үй-жайларының қабырғалары 1,5 метр биіктікте еденімен бірге кафельденген. Ас блогының үй-жайлары сору-сыртқа тарату желдеткіш жүйелерімен жабдықталған. Ас үйі 4-комфорлы, 1-газ плитасымен, дайын және шикі өнімдерді сақтауға арналған өндірістік үстелдермен, 2-тоңазытқышпен, артық ыдыстарды сақтауға арналған сөремен, ас үй ыдыстарын жууға арналған 2 - раковинамен, ас үйіне қажетті құрал-саймандармен қамтылған. Шикізат пен дайын өнімдерді бір үй-жайда әртүрлі таңбаланған үстелдерде жүргізілуі көзделген.

Ыдыс жуу бөлмесінде ас үй ыдыстарын жуу мақсатында 2-секциялы ұяшық, лас және таза үстелдер, таза ыдыстарды сақтауға арналған сөремен қамтылған.

Азық-түлік қоймаларында тағамдарды сақтау мақсатында поддондар мен стелаждар орнатылған.

Технологиялық жабдық, аппаратура, мүкәммал, ыдыс-аяқ, ыдыс тамақ өнімдерімен жанасатын барлық жабдықтар рұқсат етілген материалдардан дайындалған.

Персоналдарға арнайы және жеке киімдерін сақтау үшін бөлек шкаф қарастырылған.

Ас үйінің қызметкерлері үшін жеке гигиена қағидаларын сақтау үшін жағдайлар жасалған. санитарлық торапта қол жуу үшін ыстық және салқын су келтірілген, қолды жууға және кептіруге арналған құралдары бар жуынатын раковина және унитаз орнатылған.

Объектілерде қызмет көрсететін персонал (тәрбиешілердің көмекшілері, техникалық персонал), ас блогының жұмыскерлері 2 жиынтығы бар арнайы киіммен (костюм немесе халат, орамал, қалпақ, алжапқыш), ауыстыратын аяқкиіммен қамтамасыз етілген.



9. Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жаңартылатын нысанның сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жерасты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау аумағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған орта мен халық денсаулығына тигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, вид грунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;)

10. Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері (Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)

**25.06.2018ж. №17 метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы, 27.06.2018ж. №155 су үлгілерін микробиологиялық зерттеу хаттамасы, 26.06.2018ж. №146 орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен қамтамасыз ету жүйесінің ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы**

### **Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды Санитарно-эпидемиологическое заключение**

**Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылдық округі, Самал тұрғын массиві, Шерқала көшесі, №21/4 учаскеде орналасқан жеке меншік «Айсұлтан» жекеменшік балабақшасы**

(нысанның, шаруашылық жүргізуші субъектінің (керек-жарақ) пайдалануға берілген немесе қайта жаңартылған нысандардың, жобалық құжаттардың, тіршілік ортасы факторларының, шаруашылық және басқа жұмыстардың, өнімнің, қызметтердің, автокөліктердің және т.б. толық атауы)

(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии с пунктом 8 статьи 62 Кодекса Республики Казахстан от 18 сентября 2009 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»).

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығының тармақтарына**

Санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай немесе сай еместігін көрсетіңіз (соответствует или не соответствует)

**сай (соответствует)**  
(нужно подчеркнуть) (указать)

Ұсыныстар (Предложения):

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық ұйғарымның міндетті түрде күші бар. На основании Кодекса Республики Казахстан 18 сентября 2009 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» № 193-IV ЗРК настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу.

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Маңғыстау облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Мұнайлы аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы**

**Мемлекеттік санитариялық Бас дәрігері, қолы (орынбасар)  
Мунайлинское районное Управление охраны общественного здоровья Департамента охраны общественного здоровья Мангистауской области Комитета охраны общественного здоровья  
Министерства здравоохранения Республики Казахстан**

**(Главный государственный санитарный врач (заместитель))**

**Исаева Ботагоз Усмановна**

**тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)**



